Пайдалану бойынша нұсқаулық

Үздіксіз қуат көзі

MIX ONLINE 1000VA

IEC ONLINE 3000VA

FinePower

Мазмұны

Құрылғы мақсаты **4**

Сақтық шаралары **4**

Жинақталым **6**

Бағдарламалық жасақтама **6**

Құрылғы схемасы **7**

Құрылғыны орнату **7**
Сақтық шаралары 7
Сыртқы батареяларды орнату 8

Басқару тақтасы **10**

СК-дисплей белгілері **11**

Пайдалану бойынша нұсқаулық **12**
Қосу және өшіру 12
Баптаулар тақтасы 13
Күй сұрау тақтасы 14
Жұмыс режимдері 15
Батареяны пайдалану 17

Қызмет көрсету **17**
Батареяға қызмет көрсету 18

Ықтимал мәселелер және олардың шешімдері **18**

Техникалық сипаттамалар **19**

Орнату, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары **20**

Қосымша ақпарат **21**

Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімімізді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасалған өнімдер мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсынымдар қамтылған осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты сақтап қойып, өнімді әрі қарай пайдалану барысында анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғы мақсаты

Үздіксіз қуат көзі (ҮҚК) — желінің кіріс қоректендіру кернеуі күрт төмендеген немесе болмаған жағдайда жұмысты дұрыс аяқтау және деректерді сақтау мақсатында компьютерді және оның компоненттерін қысқа мерзімге үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз етуге арналған аккумуляторлық батареясы бар автоматты электрондық құрылғы.

Сақтық шаралары

- Құрылғыны қолданар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және оны кейін қарау үшін сақтаңыз.
- Құрылғыны пайдалануды бастамас бұрын кем дегенде 12 сағат зарядтаңыз.
- Егер батарея разрядталған болса немесе құрылғы 3 айдан астам сақтауда болса, батареяның толық зарядталғанына көз жеткізу және оның зақымдануының алдын алу үшін батареяны 12 сағат бойы зарядтау қажет.
- Бұл құрылғы дербес компьютерлерге арналған. Құрылғыны индуктивті жүктемеге қосуға болмайды (мысалы, қозғалтқыштар, тоңазытқыштар). Тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінің құрылғыларымен немесе басқа да арнайы жабдықтармен пайдалану ұсынылмайды.
- Құрылғыны орнатқан кезде дисплейден кемінде 50 см қашықтықты сақтаңыз.
- Пайдалану кезінде шассидің қалыпты температурасы шамамен 50 °С-қа жетуі мүмкін — бұл қалыпты жағдай.
- ҮҚК номиналды қуатынан асатын жүктемені пайдаланбаңыз.
- ҮҚК корпусын ашпаңыз, себебі бұл құрылғының зақымдалуына немесе электр тогының соғуына әкелуі мүмкін. Егер ҮҚК-ні ішкі тексеру немесе батареяны ауыстыру қажет болса, уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Ішкі қысқа тұйықталу электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін. Электр тогының соғуын және басқа қауіптерді болдырмау үшін ҮҚК-ге сұйық ыдыстарды қоюға болмайды.
- Егер құрылғы ақаулы болса, сондай-ақ сым немесе аша зақымдалған болса, оны дереу электр желісінен ажыратыңыз. Уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Қуат сымы, аша немесе басқа бөліктер зақымдалған жағдайда құрылғыны пайдаланбаңыз. Сымның немесе штепсельдік ашаның ыстық беттерге тиіп кетпеуін қадағалаңыз.

- Электр тогының соғуын және жарақаттануды болдырмау үшін құрылғыны, қуат сымын, электр ашасын суға және басқа сұйықтықтарға батырмаңыз.
- Құрылғыны, электр ашасын және/немесе қуат сымын дымқыл қолмен ұстамаңыз.
- Құрылғыны ауа желдетілмейтін жерлерде; жанғыш газдар, коррозиялық заттар және шаң көп жерлерде; тым жоғары немесе төмен температурада (шамамен 40 °C және 0 °C-тан төмен) және ылғалдылығы жоғары (шамамен 90%) жағдайда; тікелей күн сәулесі түсетін жерлерде немесе жылыту құралдарының жанында; қарқынды діріл бар жерлерде; үй-жайдан тыс жерлерде сақтамаңыз және пайдаланбаңыз.
- Өрт болған жағдайда ұнтақ өрт сөндіргішті қолданыңыз. Басқа өрт сөндіргіштерді пайдалану электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.
- Электр розеткасы ҮҚК жанында орналасуы керек, сондықтан қауіп төнген жағдайда құрылғының қуатын дереу өшіруге болады.
- Егер ҮҚК-ні жылжыту немесе қайта қосу қажет болса, электр тогының соғуын болдырмау үшін ҮҚК-ні толығымен ажыратыңыз.
- Қоршаған орта температурасы көтерілген кезде батареяның қызмет ету мерзімі қысқарады. Батареяны мезгіл-мезгіл ауыстыру ҮҚК-нің қалыпты жұмысын және резервтік қуатпен қамтамасыз етудің жеткілікті уақытын қамтамасыз етеді.
- Батареяға қызмет көрсетуді білікті мамандар жүзеге асыруы керек.

- Электр тогының соғуын болдырмау үшін батареяны ауыстырған кезде келесі сақтық шараларын қолданыңыз:
  - Сағаттарды, сақиналарды, басқа металл заттарды киюге болмайды.
  - Электрлік оқшауланған құралдарды қолданыңыз.
  - Резеңке қолғап пен аяқ киімді қолданыңыз.
  - Металл құралдар мен бөлшектерді батареяға салмаңыз.
  - ҮҚК-ні өшіріп, электр желісінен ажыратыңыз, содан кейін қосқыш клеммаларды батареядан алыңыз.
  - Электр тогының соғуын болдырмау үшін оң және теріс клеммалардың тұйықталуына жол бермеңіз.
  - Құрылғы желіге қосулы тұрғанда қосқыш клеммаларды қолмен ұстамаңыз. Батарея тізбегін кіріс кернеуі тізбегінен ажыратпаңыз, батарея клеммасы мен жерге қосу арасында жоғары кернеу бар.

Назар аударыңыз!
Құрылғы айнымалы токқа қосылған кезде сенімді жерге қосылуы тиіс. Дұрыс пайдаланбау залал келтіруі мүмкін. Құрылғының осы пайдалану нұсқаулығының талаптарына сәйкес пайдаланылатынына көз жеткізіңіз. ҮҚК 1000 м-ден төмен биіктікте пайдалануға арналған. Құрылғы 1000 м-ден жоғары биіктікте пайдаланылса, шығыс қуатын төмендегі кестеге сәйкес азайту қажет. Биіктіктегі жүктеме = номиналды қуат × қуатты төмендету коэффициенті (биіктікке сәйкес).

Биіктігі (м)	1000	1500	2000	2500	3000	3500	4000	4500	5000
Қуатты төмендету коэффициенті	100%	95%	91%	86%	82%	78%	74%	70%	67%

Жинақталым

- ҮҚҚ.
- Байланыс кәбілі.
- Қуат сымы.
- IEC кәбілі.
- Сыртқы батареяларды қосуға арналған кәбіл.
- Пайдалану бойынша нұсқаулық.

Бағдарламалық жасақтама

Төмендегі сілтемеге өтіңіз немесе ДК-ге арналған UPSmart for EA protocol қосымшасын орнату үшін QR кодын сканерлеңіз:


www.idbkmonitor.com/



UPSmart for EA protocol(G3 G2)
V2.1


Құрылғы схемасы

MIX ONLINE 1000VA



1. RS232 интерфейсі.
2. USB қосқышы.
3. Желдеткіш.
4. Қуат сымын қосу кірісі.
5. SNMP картасының ұясы.
6. Факс/модемге арналған шамадан тыс жүктемеден қорғау RJ11/RJ45.
7. Шығыс қосқыштары.
8. Сыртқы батареяны қосуға арналған қосқыш.

IEC ONLINE 3000VA




1. Қуат сымын қосу кірісі.
2. Сақтандырғыш.
3. Желдеткіш.
4. USB қосқышы.
5. RS232 интерфейсі.
6. SNMP картасының ұясы.
7. Шығыс қосқыштары.
8. Сыртқы батареяны қосуға арналған қосқыш.

Құрылғыны орнату

Сақтық шаралары

- ҮҚК-ні жақсы желдетілетін жерге орнатыңыз, шассидің жылу бөлетін және желдету тесіктерінің жабылмағанына және заттардан 150 мм қашықтықта орналасқанына көз жеткізіңіз. Суға, жанғыш газдарға және коррозиялық заттарға жол бермеңіз.
- Үздіксіз қуат көзін қажет ететін құрылғыларды (мысалы, хост-компьютерді) өшіріңіз, қуат сымын электр желісінен ажыратып, оны ҮҚК шығыс қуат қосқышына қосыңыз. Үздіксіз қуат көзін қажет етпейтін құрылғылар желіге тікелей қосылады.

- ҮҚҚ ашасын розеткаға салыңыз (нөлдік сым, кернеулі сым және жерге қосу жақсы жұмыс істейтініне көз жеткізіңіз).
- ҮҚҚ айналасындағы температура 0–40 °C аралығында болуы керек.
- Батареяны пайдалануды бастамас бұрын 12 сағат бойы зарядтау ұсынылады. ҮҚҚ құрылғыға сәйкес келетін қуат қосылған кезде батареяны автоматты түрде зарядтайды.
- Үлкейтілген жұмыс циклі бар үлгілер үшін алдымен батареяны қосыңыз, содан кейін қуат көзін қосыңыз.



Сыртқы батареяларды орнату

Батареядан ҮҚҚ жұмысын ұзарту қажет болса, оған сыртқы батареяларды қосуға болады.

- Әр түрлі ҮҚҚ үлгілері үшін батареялардың рұқсат етілген кернеуі төмендегі кестеде келтірілген. Жоғары немесе төмен кернеулі сыртқы батареяларды орнату құрылғының дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін.


Үлгісі	Батареялар саны	Батареялар кернеуі
1 кВА·сағ	2 дана	24 В
3 кВА·сағ	6 дана	72 В

- Клеммалары бар кәбіл ұшы батареяларға жалғауға арналған. Екінші ұшы ҮҚК-ге арналған арнайы қосқышпен жабдықталған. Төмендегі нұсқауды қатаң сақтау қажет, әйтпесе электр тогының соғу қаупі туындайды.
- Батареяларды келесі схемадағыдай жалғаңыз және батареялардың жалпы кернеуін құрылғыңыздың қолдайтынына көз жеткізіңіз.
- Жинақтағы кәбілді клеммалары бар ұшымен батареяларға қосыңыз: қызыл сым — оң пластинаға, қара сым — теріс пластинаға.

Назар аударыңыз! Алдымен сым батареяларға қосылады, әйтпесе электр тогының соғу қаупі жоғары.


- Кірістірілген ҮҚК батареяларының толық зарядталғанына көз жеткізіңіз.
- Арнайы қосқышы бар кәбілді ҮҚК-ге дұрыс полюспен қосыңыз («+» үшін қызыл, «-» үшін қара), ҮҚК сыртқы батареяларды автоматты түрде зарядтай бастайды.

Назар аударыңыз! Батареялар тек өшірілген, тұтынушылар қосылмаған ҮҚК-ге қосылады.




Назар аударыңыз! Егер сыртқы батареяларды өз бетіңізше қосуға қиналсаңыз, маманға жүгініңіз.

Басқару тақтасы



Батырма	Мақсаты	Тәсіл
↵	Таңдауды растау	Баптаулар мәзірін шығару үшін батырманы 2 секунд басып тұрыңыз
		Баптаулар мәзірінен шығу үшін батырманы 2 секунд басып тұрыңыз. Қысқа басу баптаулар мәзірін ауыстырады
		Мәзір беттерін парақтаған кезде барлық өзгерістер сақталады
		«Иә» таңдап, деректерді сақтау және баптаулардан шығу үшін басыңыз. «Жоқ» таңдалса, өзгерістер сақталмайды
		Баптаулар режимінен тыс батырманы қатарынан екі рет басып, экрандағы кескінді бұруға болады
◀	Сол жақ көрсеткі	Баптаулар режимінен тыс алдыңғы баптауларға өту үшін батырманы басыңыз
		Баптаулар мәзірінде жылжу үшін батырманы қолданыңыз
▶	Оң жақ көрсеткі	Баптаулар режимінен тыс келесі баптауларға өту үшін батырманы басыңыз
		Баптаулар мәзірінде жылжу үшін батырманы қолданыңыз
↵+▶	Қосу	ҮҚК қосу үшін екі батырманы да 2 секунд басып тұрыңыз
◀+▶	Өшіру	ҮҚК өшіру үшін екі батырманы да 2 секунд басып тұрыңыз
↵+▶	Дыбысты өшіру	Батареядан жұмыс режимінде ҮҚК дыбыстық хабарландыруларын өшіру үшін басыңыз
	Тест	Желіден жұмыс режимінде батареяның 15 секундта разрядталуын тексеру үшін басыңыз

СК дисплей белгілері



Дисплей	Функция
	Жүктеме белгішесі: жүктеме пайызы (0–25%, 26–50%, 51–75% және 76–100%) жанған бөліктер санымен көрсетіледі. ҮҚК шамадан тыс жүктелгенде белгіше жыпылықтайды
	Дыбысты өшіру белгішесі: дыбыстық сигналдың өшірілгенін көрсетеді. Батареядан жұмыс режимінде дыбысты өшіру батырмасын басыңыз, сонда дыбысты өшіру белгішесі сөнеді
	Желдеткіш белгішесі: желдеткіштің жұмыс күйін көрсетеді. Егер желдеткіш қосылмаған немесе ақаулы болса, белгіше жыпылықтайды
	Ақаулық белгішесі: ҮҚК ақаулы екенін көрсетеді
	Батарея күйінің белгішесі: аккумулятор сыйымдылығын 0–25%, 26–50%, 51–75% және 76–100% көрсетеді. Батарея разрядталғанда немесе ажыратылғанда жыпылықтайды
	ҮҚК қалыпты жұмысы кезінде шығыс кернеуі туралы ақпаратты көрсетеді; ақау болғанда ақау коды көрсетіледі
	Баптау режимінде пайдаланушылар әртүрлі шығыс кернеуін орната алады, ECO режимін, CUCF режимін қосады, сәйкестендіру нөмірін таңдай алады және т.б.
	Іске қосқаннан кейін 20 секунд ішінде ҮҚК қуатын көрсетеді. 20 секундтан кейін ҮҚК жұмыс режимін көрсетеді, мысалы, STDBY (күту режимі), BYPASS («байпас» режимі), LINE (AC режимі), BAT (батарея режимі), BATT (батареядан автономды жұмыс режимі), ECO (үнемді режим), SHUTDN (жұмысты аяқтау), CUCF (тұрақты кернеу және жиілік)
 **Жарықдиодты индикатор функциялары**	Инвертор индикаторы мен ақау индикаторы сәйкесінше сол жақта және оң жақта орналасқан
	Инвертор индикаторы (жасыл жарықдиодты индикатор) үздіксіз жанады: бұл ҮҚК желіден қоректену режимінде, ECO режимінде немесе батареядан жұмыс режимінде екенін білдіреді
	Ақау индикаторы (қызыл жарықдиодты индикатор) үздіксіз жанады: бұл ҮҚК ақаулы екенін білдіреді. **Ескерту:** әртүрлі режимдердегі жарықдиодты индикацияны «Жарықдиодтар/дисплей» және «Апаттық сигналдар тізімі» бөлімдерінен қараңыз.

Пайдалану бойынша нұсқаулық

Қосу және өшіру

Құрылғыны қосу

Электр қуат көзінен қосу
Электр қуатына қосылғаннан кейін ҮҚК іске қосылады, автоматты түрде тестілеуді бастайды және 15 секундтан кейін жұмыс режиміне өтеді. ҮҚК индикаторы (жасыл) жанып, «байпас» индикаторы сөнгеннен кейін қосылған құрылғыларды іске қосуға болады.
Батареядан қосу
Қуат батареядан беріліп тұрғанда (желіге қосылмай), іске қосу үшін алдыңғы тақтадағы батырмалар тіркесімін 3 секунд басыңыз. ҮҚК инверторды іске қосады, шығыс қуаты қалыпты жұмыс істейді, ҮҚК жұмысының индикаторы (жасыл) және инвертор индикаторы жанады, ал қате индикаторы жыпылықтайды.

Құрылғыны өшіру

Электр қуат көзінен ажырату
Өшіру үшін алдыңғы тақтадағы батырмалар тіркесімін 3 секунд басыңыз. ҮҚК күту режиміне өтеді. Сары «байпас» индикаторы жанады. Осыдан кейін ҮҚК өшіру үшін қуатты желіден ажыратыңыз.
Батареядан өшіру
ҮҚК өшіру үшін алдыңғы тақтадағы батырмалар тіркесімін 3 секунд басыңыз.


Ескертулер
- ҮҚК қосу алдында алдымен оған компьютерді және басқа құрылғыларды қосыңыз, өшіру кезінде алдымен компьютерді, содан кейін ҮҚК-ні өшіріңіз.
- Егер желіден қуат үзілсе, ҮҚК батареядан қоректенеді. Осы уақытта ақпаратты сақтап, ДК мен басқа құрылғыларды апаттық өшіру бойынша басқа әрекеттерді орындаңыз.
- Егер ҮҚК 7 күннен астам пайдаланылмаса, оны «электр қуат көзінен ажырату» бөлімінің нұсқауларына сәйкес өшіріңіз.
- Егер ҮҚК 3 айдан астам пайдаланылмаса, қосқанда «электр қуат көзінен қосу» бөлімін қараңыз, батареяны толық зарядтау және оның қызмет ету мерзімін ұзарту үшін ҮҚК-ні 12 сағаттан астам зарядтаңыз.

Баптаулар тақтасы

Шығыс кернеуін орнату

Дисплей	Баптаулар
	Үлгіге байланысты келесі шығыс кернеуін орнатуға болады: • 208: шығыс кернеуі 208 В • 220: шығыс кернеуі 220 В • 230: шығыс кернеуі 230 В • 240: шығыс кернеуі 240 В


Батарея кернеуін орнату

Дисплей	Баптаулар
	Сіз келесі шығыс кернеуін таңдай аласыз: • 9.8: аккумулятор кернеуі 9,8 В • 9.9: аккумулятор кернеуі 9,9 В • 10: батарея кернеуі 10 В • 10.2: аккумулятор кернеуі 10,2 В • 10.5: аккумулятор кернеуі 10,5 В • dEF (әдепкі): EOD кернеуі жүктемеге байланысты автоматты түрде өзгереді, соның ішінде разрядтан қорғау

Bypass режимін орнату

Дисплей	Баптаулар
	Айналып өту (bypass) функциясын қосыңыз немесе өшіріңіз. Келесі екі нұсқаны таңдауға болады: • ON: bypass қосу • OFF (әдепкі): bypass өшіру

Автоматты қосуды орнату

Дисплей	Баптаулар
	AUO баптауын тек күту режимінде немесе «bypass» режимінде орнатуға болады. Келесі нұсқаларды таңдауға болады: • ON: ҮҚК желіге қосылғанда сызықтық режимде автоматты түрде іске қосылады • OFF (әдепкі): ҮҚК желіге қосылғанда автоматты түрде іске қосылмайды, күту немесе «bypass» режимінде жұмыс істейді


Күй сұрау тақтасы


ҮҚК сипаттамаларының күйін сұрату үшін ◄ немесе ► батырмасын басып тұрыңыз. Күй мәзірін ауыстыру үшін ◄ немесе ► батырмасын қайта басыңыз.

Дисплей	Сипаттама
	Шығыс: ҮҚК шығыс кернеуі мен жиілігін көрсетеді
	Жүктеме: жүктеменің белсенді қуатының (Ватт) және толық қуатының (Вольт-Ампер) сандық мәнін көрсетеді
	Нұсқа және температура: ҮҚК микробағдарламасының нұсқасын көрсетеді және ҮҚК компоненттерінің ең жоғары температурасын көрсетеді
	Кіріс: кіріс кернеуі мен жиілігін көрсетеді

Дисплей	Сипаттама
	Батарея: батареялардың кернеуі мен сыйымдылығын көрсетеді (сыйымдылық шамамен батарея кернеуіне сәйкес есептеледі)
	**Ескерту:** қате кодын көрсетеді

Жұмыс режимдері

Жұмыс режимі және дисплей	Сипаттама
 «bypass» режимі	«bypass» режиміне өту үш жағдайда орын алады: • Желілік қуат қосылған және баптауларда «bypass» режимі қосылған • ҮҚК сызықтық режимде өшірілген және баптауларда «bypass» режимі қосылған • Сызықтық режимде шамадан тыс жүктеме **Ескерту:** ҮҚК «bypass» режимінде жұмыс істегенде, ол батареядан жұмыс істей алмайды.
 Сызықтық режим	Кіріс желісі жұмыс шарттарына сәйкес келгенде, ҮҚК сызықтық режимде жұмыс істейді, дисплейде «Line» көрсетіледі
 Күту режимі	ҮҚК өшірілген, бірақ әлі де батареяларды зарядтай алады

Жұмыс режимі және дисплей	Сипаттама
 Батареяның жұмыс режимі	Батареяның жұмыс режимінде әр 4 секунд сайын дыбыстық сигнал беріледі. Желінің қуаты жеткіліксіз немесе тұрақсыз болған кезде ҮҚК бірден батарея режиміне өтеді және дисплейде «bat» көрсетіледі
 Үнемді режим	Кіріс желісі ECO режимінің кіріс диапазонына сәйкес келгенде және ECO функциясы қосылғанда, ҮҚК ECO режимінде жұмыс істейді. Егер кіріс желісі бір минут ішінде бірнеше рет ECO диапазонынан асып кетсе, бірақ инвертордың кіріс диапазонында қалса, ҮҚК автоматты түрде тұрақтандыру режимінде жұмыс істейді. Дисплейде «ECO» көрсетіледі
 Тұрақты кернеу және жиілік режимі	Жиілікті түрлендіру режимі негізінен тұрақты кернеу мен жиілікті қамтамасыз етеді. Бұл режим іске қосылғаннан кейін оның шығыс қуатына қосылған құрылғылардың қажеттілігі әсер етпейді. CUCF баптау режимі ашылғаннан кейін дисплейде «CUCF» көрсетіледі. CUCF режимінде шығыс жиілігі 50 Гц болып орнатылса, батарея сыйымдылығы бастапқының 80%-на дейін төмендейді; шығыс жиілігі 60 Гц болып орнатылса, батарея сыйымдылығы бастапқының 70%-на дейін төмендейді. Шығыс жиілігі берілген мәндермен бекітіледі, сыртқы жағдайлар өзгергенде ол өзгермейді. Бұл режимде ҮҚК «bypass» режиміне өте алмайды
 Ақау	Ақау болғанда дыбыстық сигнал беріледі және ҮҚК ақау режиміне өтеді. ҮҚК шығысты өшіреді, ал дисплейде ақау кодтары көрсетіледі. Дыбысты өшіру батырмасын басуға болады. Сондай-ақ ҮҚК өшіру үшін «OFF» батырмасын басуға болады

Батареяны пайдалану

Бұл құрылғыда герметикалық қорғасын-қышқылды батареялар қолданылады. Батареяның қызмет ету мерзімі сақтау жағдайларына, жұмыс ортасына және батареяның разрядталу жиілігіне байланысты. Температураның көтерілуі батареяның қызмет ету мерзімін айтарлықтай қысқартады. Батарея пайдаланылмаса да, оның өнімділігі бірте-бірте төмендейді. Үздіксіз қоректенуді тексеру үшін батареяның разрядын тексеруді үш айда бір рет жүргізу ұсынылады. Төменде батареяны тексеру тәсілдері келтірілген (қызмет ету мерзімі аяқталған сайын батареяның өнімділігі бірте-бірте төмендейді, сондықтан келесі тексеру және пайдалану әдістерін есте ұстаған жөн).

1. Қуат көзіне қосылыңыз, ҮҚК іске қосыңыз, батареяны 12 сағат бойы зарядтаңыз. ҮҚК-ге қосылған жүктемелердің жұмыс жағдайларына назар аударыңыз.
2. ҮҚК жүктемемен жұмыс істеп тұрғанда жалпы қуатты жазып алыңыз. ҮҚК ашасын розеткадан суырыңыз (электр қуатының өшуін имитациялау). ҮҚК автоматты түрде өшкенге дейін батареядан жұмыс режимінде болады. Батареяның разрядталу уақытын жазып алыңыз. Алғашқы разрядталу уақыты одан әрі пайдалану үшін қажет.
   - Жүктеменің жалпы қуаты (қуат тұтыну) ваттпен (Вт) есептеледі.
   - Егер зауыттық тақтайшада вольт-амперлермен (ВА) мән көрсетілсе, бұл мәнді қуат коэффициентіне (көрсетілмесе, 0,8) көбейтіп, ватқа (Вт) аударыңыз.
   - Егер тек ток мәні (А) көрсетілсе, оны номиналды кернеуге (В) және қуат коэффициентіне көбейтіп, содан кейін ватқа (Вт) аударыңыз.
3. Қалыпты жағдайда батареяның қызмет ету мерзімі 1–2 жыл. Батарея жеткілікті жоғары температура жағдайында пайдаланылып, разрядталу жеткілікті жиі болса, қызмет ету мерзімі 0,5–1 жылды құрауы мүмкін.
4. Батарея пайдаланылған сайын оның өнімділігі бірте-бірте төмендейді (разрядтау кезінде байқалады). Разрядтау уақыты бастапқы мәннің 80%-на дейін қысқарғанда өнімділіктің нашарлауы жеделдейді, сондықтан батареяны айына бір рет тексеру керек.
5. Жұмыс циклі жоғарылаған үлгілердің батареяларын пайдалану (электр қуаты өшіп қалған жағдайда құрылғыға зақым келтірмеу үшін батареяларды дұрыс пайдалану маңызды):
   - Батареядан шаңды сүртіңіз.
   - Батареяларды коррозияға тексеріңіз. Қажет болса, ауыстырыңыз.
   - Батарея мен клеммалардың мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

Қызмет көрсету

- ҮҚК желдету тесіктерінің бітелмегеніне көз жеткізіңіз.
- ҮҚК шаңмен жабылмағанына көз жеткізіңіз.
- ҮҚК дымқыл емес екеніне көз жеткізіңіз.
- ҮҚК-ні батареядан жұмыс режиміне 5 минутқа ауыстырыңыз. Осы уақыт ішінде батареяның төмен зарядын көрсететін датчик іске қосылмаса — құрылғы қалыпты, әйтпесе уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Батареяға қызмет көрсету

ҮҚК жабық, қорғасынды, күтімсіз батареяны пайдаланады. Жиі разрядтау мен жоғары температура батареяның қызмет ету мерзіміне әсер етеді. Батарея пайдаланылмаса да, қызмет ету мерзімі қысқарады.

Ықтимал мәселелер және олардың шешімдері

ҮҚК жұмысында ақаулар болғанда, мәселелерді жоюға тырысу үшін төмендегі кестені пайдаланыңыз. Егер мәселені шеше алмасаңыз, ҮҚК пайдалануды дереу тоқтатып, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Мәселе	Шешім
ҮҚК электр желісіне қосыла алмайды	Қуат сымының босап қалмағанын тексеріңіз
	Асқын токтан қорғау сақтандырғышының күймегенін тексеріңіз
ҮҚК желі қалыпты жұмыс істегенде іске қосылмайды. Қате индикаторы жанады, «⚠» индикаторы жанады, ЖК-дисплейдің функционалдық аймағы өшірулі	Батарея кәбілінің қосылғанын тексеріңіз
	Батареяның жарамдылығын тексеріңіз
Желіден жұмыс кезінде үздіксіз сигнал беріледі, «⚠» индикаторы жанады, құрылғы «байпас» режимінде жұмыс істейді, біраз уақыттан кейін инвертор режимінде. Үздіксіз сигнал, «⚠» индикаторы жанады, құрылғы біраз уақыттан кейін автоматты түрде өшеді	Жүктеме дисплейінен шамадан тыс жүктеме болмағанын тексеріңіз. Жүктемені азайтыңыз
ҮҚК «ON» батырмасын басқанда қосылмайды	«ON» батырмасы тым қысқа басылған. ҮҚК іске қосу үшін батырманы 3 секунд үздіксіз басыңыз
	Батареяның қосылғанын тексеріңіз
	ҮҚК ішінде ақау бар. Жеткізушіге хабарласыңыз
Батареяның разрядталу уақыты қысқарады	Батарея толық зарядталмаған. Батареяны зарядтау үшін ҮҚК-ні желіге кемінде 12 сағат қосулы қалдырыңыз
	ҮҚК шамадан тыс жүктелген. Жүктеменің тұтынатын қуатын тексеріңіз және қажет болса азайтыңыз
	Батарея ескірген, сыйымдылығы азайған. Батареяны ауыстырыңыз. Батарея мен компоненттерді жеткізушіден алыңыз

Техникалық сипаттамалар

Сауда белгісі		FinePower	
Үлгісі		MIX ONLINE 1000VA	IEC ONLINE 3000VA
Қуаты		1000 ВА / 900 Вт	3000 ВА / 2700 Вт
Кіріс	**Кернеу**	176–280 В	
	Жиілігі	50 Гц ± 10% (автоматты анықтау)	
Шығыс	**Батареядан жұмыс кезіндегі кернеу**	220 В ± 5%	
	Желіден жұмыс кезіндегі кернеу	220 В ± 9%	
Жиілігі		50/60 Гц ± 0,3 Гц (автоматты анықтау және реттелетін)	
Шығыс сигналының пішіні		Таза синусоид	
Гармоникалық бұрмалаулар		≤ 5% (сызықтық емес жүктеме)	
Батареялар	**Тұрақты ток кернеуі**	24 В	72 В
	Түрі және саны	2 × 12 В, 9 А·сағ	6 × 12 В, 9 А·сағ
	Зарядтау тогы	1 А (әдепкі)	
	Стандартты зарядтау уақыты	6–8 сағат, сыйымдылықтың 90%-на дейін	
	Ажырату кернеуі («разрядталған»)	10,2 В (әдепкі), 9,6–11,5 В (реттелетін)	
	Сыртқы батареяны қосуға арналған шығыс	Иә	
Қорғау		Шамадан тыс жүктемеден, қысқа тұйықталудан, батареяны артық зарядтаудан, толық разрядтаудан қорғау	
Сигнал беру	**Батареядан қуаттанған режимде**	Әр 5 с сайын сигнал, 60 с-тан кейін өшеді	
	Батарея разрядталғанда	0,16 с сигнал, аралығы 0,16 с	
	Шамадан тыс жүктеме	2 с сигнал, аралығы 0,5 с	
Қоршаған орта	**Жұмыс ылғалдылығы**	10–90% RH @ 0–40 °C (конденсатсыз)	
	Шу деңгейі	≤ 50 дБ (1 метр)	
ДК-мен байланыс		USB + RJ45	
ДК арқылы басқару		Windows қолдайды	
SNMP (міндетті емес)		SNMP-менеджері және веб-браузер арқылы қуатты басқару	
Батареяларды суық ауыстыру		Иә	
Электр тогынан қорғау класы		I	
Ылғалдан қорғау дәрежесі		IP2	
Қуат сымын бекіту түрі		Z	
Өлшемдері		336 × 144 × 214 мм	418 × 190 × 335 мм
Таза салмағы		10,9 кг	25,6 кг

Орнату, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғыға ешқандай орнату немесе тұрақты бекіту қажет емес.
- Құрылғыны өндіруші мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында, қаптамада, 5–40 °С температурада және ылғалдылығы 80%-дан аспағанда сақтау керек. Үй-жайларда коррозия тудыратын қоспалар (қышқыл, сілті буы) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау қажет.
- Құрылғы ұқыпты қарауды талап етеді, оны шаңнан, кірден, соққыдан, ылғалдан, оттан және т.б. сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Өнімнің қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Ол жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электр және электрондық жабдықты қабылдайтын пунктке тапсырылуы тиіс. Өнімді дұрыс кәдеге жарату табиғи ресурстарды сақтауға көмектеседі және қоршаған орта мен адамдардың денсаулығына келуі мүмкін зиянның алдын алады. Қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы ақпаратты жергілікті органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының ақауы анықталған жағдайда дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Ист Груп Ко., Лтд. Солтүстік өнеркәсіптік тас жол 6, Суншань Лэйк Сай энд Тэк өнеркәсіптік паркі, Дунгуань қ., Гуандун өл., Қытай. Қытайда жасалған.

Manufacturer: EAST GROUP CO., LTD. No.6 Northern Industry Road, Songshan Lake Sci &Tech Industrial Park, Dongguan city, Guangdong,China.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ., Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғ., 12 ғим., Қазақстан Республикасы.
Электрондық пошта мекен-жайы: info@dns-shop.kz
Тауар КО ТР (ЕАЭО) талаптарына сәйкес келеді.

Өнім сапасын жақсарту мақсатында сипаттамалар, өнім туралы ақпарат және оның сыртқы түрі пайдаланушыға алдын ала хабарламай өзгертілуі мүмкін.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.1

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші құрылғының бүкіл кепілдік мерзімі ішінде үздіксіз жұмысын, сондай-ақ материалдар мен құрастыруда ақаулардың болмауын кепілдендіреді. Кепілдік кезеңі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады.
Кепілдік қызмет көрсетуге өнімді пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдалану шартында кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен болмаған себеппен істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 24 ай.
Пайдалану мерзімі: 36 ай.

Қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі
келесі мекенжай бойынша:
https://www.dns-shop.kz/service-center/

Өнім жинағына кіретін төмендегі керек-жарақтарға, егер оларды ауыстыру өнімді бөлшектеумен байланысты болмаса, кепілдік міндеттемелер мен тегін қызмет көрсету қолданылмайды:

- ҚБП (қашықтан басқару пульті) үшін қуат элементтері (батареялар).
- Жалғағыш кәбілдер, антенналар және оларға арналған ауыстырғыштар, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; жинақпен бірге берілетін әртүрлі ақпарат тасымалдағыштар, бағдарламалық жасақтама (БЖ) және драйверлер (соның ішінде өнімнің қатты магнитті дискілердегі жинақтауышына алдын ала орнатылған БЖ-мен шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптар, сөмкелер, баулар, тасымалдауға арналған сымдар, орнату құралдары, құралдар, өнімге қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығыс материалдары мен бөлшектер.

Өндіруші мына жағдайларда кепілдік міндеттемелерін көтермейді:

- Кепілдік мерзімі аяқталған.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған өнім кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей мақсатына сәйкес келмейтін өзге мақсаттарда пайдаланылған болса.
- Өндіруші пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұза отырып пайдалану, өнімді орнату мен қызмет көрсету бойынша ұсынымдарды сақтамау, қосу ережелерін (соның ішінде өнімнің өзіне де, онымен жұптасқан өнімдерге де сәйкес келмейтін желі кернеуінің әсерінен туындаған қысқа тұйықталулар), өнімді сақтау және тасымалдау ережелерін бұзу салдарынан өнім иесі және/немесе үшінші тұлғалар шеккен мүліктік, моральдық және өзге де залалға жауап бермейді.
- Өнімді пайдалану кезінде болған кез келген механикалық зақымдар: сынық, жарық, деформация, соққы ізі, ойық, мыжылу және т.б.
- Бөгде өзгерістердің, осындай жұмыстарды жүргізуге уәкілеттігі жоқ тұлғалардың рұқсатсыз жөндеуінің іздері бар. Егер ақау өнімнің конструкциясын немесе схемасын өзгертуден, Өндіруші көздемеген сыртқы құрылғыларды қосудан, жергілікті заңнамаға сәйкес сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдаланудан туындаса.
- Егер өнімнің ақауы еңсерілмейтін күштің (табиғат апаттары, өрттер, су тасқындары, жер сілкіністері, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге байланысты емес өзге де жағдайлар) әсерінен немесе Өндіруші алдын ала болжай алмайтын үшінші тұлғалардың әрекетінен туындаған болса.
- Ақау өнімнің ішіне бөгде заттардың, бөгде денелердің, заттектердің, сұйықтықтардың, жәндіктер мен жануарлардың түсуінен, агрессивті орталардың, жоғары ылғалдылық пен жоғары температуралардың әсерінен туындап, бұл өнімнің толық немесе ішінара істен шығуына әкелген.
- Өнімді сәйкестендіру (сериялық нөмір) жоқ немесе сәйкес келмейді. Егер зақымдар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық жасақтаманың әсерінен; БЖ жеткізушісі бұл қызметті көрсетпегендіктен, өнімнің бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына және оларды қалпына келтіру/қайта орнату мүмкіндігінің жоқтығына әкелген парольдерді (кодтарды) орнатудан, ауыстырудан немесе жоюдан туындаса.
- Егер ақаулар қоректендіру, кәбілдік, байланыс желілерінің, радиосигнал қуатының стандарттарға немесе техникалық регламенттерге сәйкес келмеуінен, жер бедері сияқты сыртқы факторлардан, өнімді желі қамту аймағының шегінде немесе одан тыс жерде пайдаланудан туындаса.
- Егер зақымдар стандартты емес (түпнұсқа емес) және/немесе сапасыз шығыс материалдарын, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат элементтерін, ақпарат тасымалдағыштарды (CD, DVD, жад карталары, SIM-карталар, картридждер) пайдаланудан туындаса.
- Егер кемшіліктер үйлесімсіз контентті (әуендер, графика, бейне және басқа файлдар, Java қосымшалары және соларға ұқсас бағдарламалар) алудан, орнатудан және пайдаланудан туындаса.
- Осы өніммен ұштастыра жұмыс істейтін өзге жабдыққа келтірілген залалға.

Өндіруші мына жағдайларда кепілдік міндеттемелерін көтермейді:

- Кепілдік мерзімі аяқталған.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған өнім кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей мақсатына сәйкес келмейтін өзге мақсаттарда пайдаланылған болса.
- Өндіруші пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұза отырып пайдалану, өнімді орнату мен қызмет көрсету бойынша ұсынымдарды сақтамау, қосу ережелерін (соның ішінде өнімнің өзіне де, онымен жұптасқан өнімдерге де сәйкес келмейтін желі кернеуінің әсерінен туындаған қысқа тұйықталулар), өнімді сақтау және тасымалдау ережелерін бұзу салдарынан өнім иесі және/немесе үшінші тұлғалар шеккен мүліктік, моральдық және өзге де залалға жауап бермейді.
- Өнімді пайдалану кезінде болған кез келген механикалық зақымдар: сынық, жарық, деформация, соққы ізі, ойық, мыжылу және т.б.
- Бөгде өзгерістердің, осындай жұмыстарды жүргізуге уәкілеттігі жоқ тұлғалардың рұқсатсыз жөндеуінің іздері бар. Егер ақау өнімнің конструкциясын немесе схемасын өзгертуден, Өндіруші көздемеген сыртқы құрылғыларды қосудан, жергілікті заңнамаға сәйкес сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдаланудан туындаса.
- Егер өнімнің ақауы еңсерілмейтін күштің (табиғат апаттары, өрттер, су тасқындары, жер сілкіністері, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге байланысты емес өзге де жағдайлар) әсерінен немесе Өндіруші алдын ала болжай алмайтын үшінші тұлғалардың әрекетінен туындаған болса.
- Ақау өнімнің ішіне бөгде заттардың, бөгде денелердің, заттектердің, сұйықтықтардың, жәндіктер мен жануарлардың түсуінен, агрессивті орталардың, жоғары ылғалдылық пен жоғары температуралардың әсерінен туындап, бұл өнімнің толық немесе ішінара істен шығуына әкелген.
- Өнімді сәйкестендіру (сериялық нөмір) жоқ немесе сәйкес келмейді. Егер зақымдар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық жасақтаманың әсерінен; БЖ жеткізушісі бұл қызметті көрсетпегендіктен, өнімнің бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына және оларды қалпына келтіру/қайта орнату мүмкіндігінің жоқтығына әкелген парольдерді (кодтарды) орнатудан, ауыстырудан немесе жоюдан туындаса.
- Егер ақаулар қоректендіру, кәбілдік, байланыс желілерінің, радиосигнал қуатының стандарттарға немесе техникалық регламенттерге сәйкес келмеуінен, жер бедері сияқты сыртқы факторлардан, өнімді желі қамту аймағының шегінде немесе одан тыс жерде пайдаланудан туындаса.
- Егер зақымдар стандартты емес (түпнұсқа емес) және/немесе сапасыз шығыс материалдарын, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат элементтерін, ақпарат тасымалдағыштарды (CD, DVD, жад карталары, SIM-карталар, картридждер) пайдаланудан туындаса.
- Егер кемшіліктер үйлесімсіз контентті (әуендер, графика, бейне және басқа файлдар, Java қосымшалары және соларға ұқсас бағдарламалар) алудан, орнатудан және пайдаланудан туындаса.
- Осы өніммен ұштастыра жұмыс істейтін өзге жабдыққа келтірілген залалға.

FinePower